

**Пошанов Максат Нурбаевичтың 6D080100 – «Агрономия»  
мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Жүгерінің өнімділігіне биопрепараттарды қолдану мен топырақтардың  
тұздану деңгейлерінің әсері (Шәуілдір суармалы алқабы мысалында)»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің  
ШІКІРІ**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданының шамамен 36 млн. га тұзданған (16,6%) және 58 млн. га сортаң (27%) топырақтар құрайды. Суармалы жерлердің өнімділігін анықтайтын негізгі фактор топырақтың су-тұз режимі болып табылады, бұл өз кезегінде топырақтың агрофизикалық, агрохимиялық және микробиологиялық қасиеттеріне әсер етеді. Түркістан облысындағы негізгі суармалы алқаптар – Қызылқұм, Арыс-Түркістан, Шәуілдір, Бепакдала. Су-тұз сипаттамасы бойынша Шәуілдір суармалы алқабы ең қолайсыз болып табылады, оның ауданы шамамен 35-45 мың га құрайды, жекелеген жылдары тұздардың маусымдық жинақталу коэффициенті 3,6-ға дейін жетеді. Бұл факт топырақтың кері факторларға төзімділік шегіне және сәйкесінше суару аймағындағы өсімдік шаруашылығы саласының өнімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы аймақтарда жердің мелиоративтік жағдайын жақсарту, топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру және осының негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Докторант ғылыми зерттеу жұмыстары кезінде жерді геопараттық жүйе технологиялары деректерін топырақтың мелиорациялық жағдайын зерделеу үшін пайдаланудың мүмкіндігін дәлелдеді. Шәуілдір суармалы алқабында әртүрлі дәрежедегі тұзданған суармалы топырақтар жағдайында жүгеріні дәндік және жасыл массаға өсіру кезінде «Биозоогум» отандық өндірістің жаңа биологиялық гуминді препаратын қолдану технологиясы ғылыми негізделген.

Диссертациялық зерттеу жұмыстары барысында анықталған топырақтардың деградациялық жағдайлары туралы картографиялық мәліметтерді аудандық әкімшілік пен ауыл шаруашылық басқармасының мамандары ауылшаруашылығын жоспарлау және жобалау жұмыстарында, экологиялық реттеу және бақылау, жер ресурстарын басқару комитетері пайдалана алады.

Зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстар мен қорытындыларды фермерлер мен мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалана алады.

Жұмыста берілген ұсыныстар ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру мекемелерінде студенттердің теориялық және тәжірибелік білімін тереңдетуге септігін тигізеді.

Зерттеу жүргізілген шаруашылықтардың топырақтарына жергілікті мониторинг жүргізуге және алынған деректерге жүйелі талдау жүргізуге мүмкіндік береді, бұл, түпкі нәтижесінде, топырақтың құнарлылығын арттырудың қолданыстағы әдістерін қолдануға және жаңа тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты технологияны қолданудан жүгері дәнінің өнімділігі 11,5-тен 33,0% - ға дейін өсті, бұл ретте топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты технологияны қолданудан 1 гектардан таза табыс 129,9-дан 29,5 мың теңгеге дейін құрайды.

Жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде: 5 мақала ҚР БҒМ-нің ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген 5 мақала Scopus базасында тіркелген «OnLine Journal Agronomy», «Journal of Ecological Engineering» «OnLine Journal of Biological Sciences» журналдарында жарияланды.

Докторант Пошанов М.Н. зерттеу жүргізу, материалдарды өңдеу, жүйелеу, алынған деректерді талдау кезінде еңбекқорлық, табандылық пен мақсаттылық танытты.

Жалпы, докторант диссертациялық зерттеудің мақсатын анықтау және міндеттерін шешу; ғылыми эксперименттер жүргізу; бастапқы деректерді алу және оларды жалпылау; әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда ғылыми нәтижелерді сынақтан өткізу және диссертациялық жұмысты рәсімдеу жұмыстарын өзі жүргізді.

Пошанов Максат Нурбаевичтың «Жүгерінің өнімділігіне биопрепараттарды қолдану мен топырақтардың тұздану деңгейлерінің әсері (Шәуілдір суармалы алқабы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес ғылыми-біліктілік жұмысы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде докторант М.Н.Пошановтың диссертациялық жұмысын Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің диссертациялық кеңесіне ашық қорғауға ұсынамын

**Ғылыми жетекші,  
а.ш.ғ. докторы, профессор  
ҚР ҰҒА академигі**



**С.Б. Кененбаев**

